



БҰЙРЫҚ

06.02.2026 ж.
Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 154
город Астана

Биоэтика жөніндегі жергілікті комиссия туралы

«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» ШЖҚ РМК-де (бұдан әрі – Аурухана) ғылыми және инновациялық қызмет іс-шараларын іске асыру мақсатында және «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 228-бабына сәйкес, сондай-ақ Аурухана жарғысының 22-тармағының б) тармақшасы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Аурухананың биоэтика жөніндегі жергілікті комиссиясының (бұдан әрі - Комиссия) құрамы бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Аурухананың биоэтика жөніндегі жергілікті комиссиясы туралы ереже бекітілсін.

3. Комиссияның хатшысы биоэтика жөніндегі жергілікті комиссияның барлық мүшесін осы бұйрықпен таныстырсын.

4. «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» ШЖҚ РМК биоэтика жөніндегі жергілікті комиссиясының кейбір мәселелері туралы» 2019 жылғы 19 ақпандағы №83 бұйрықтың күші жойылды деп танылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың стратегиялық даму, ғылым және білім жөніндегі орынбасары Н.А. Шаназаровқа жүктелсін.

6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Директор

Р. Карабаева